

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА
АГЕНТТІГІНІҢ 2008 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕСЕП**

Астана 2009

МАЗМҰНЫ

	Агенттік туралы	3
I.	СТАТИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАМ	4
	Статистикалық ақпаратты тарату және пайдаланушылардың қанағаттанушылығы	4
	Кәсіпорындарға статистикалық жүктемені төмендету	7
	Мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі кеңес	10
	Статистикалық нысандарды жаңғырту	10
	Сынама халық санағын өткізу	11
	Сапа менеджменті жүйесін енгізу	12
II.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ 2006-2008 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ	13
III.	СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ 2009-2011 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ	19
IV.	ОРЫНДАЛҒАН СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР МЕН СТАТИСТИКА САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР	20
	Ұлттық шоттар статистикасы.....	20
	Өндіріс статистикасы	20
	Қызмет көрсету статистикасы	20
	Баға статистикасы.....	21
	Әлеуметтік статистика	21
V.	АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ	22
VI.	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ.....	23
VII.	ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	25
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	30



АГЕНТТІК ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, статистикалық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шеңберде мемлекеттік статистика саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

РСФСР-дің құрамындағы Қазақ Автономиялық Социалистік Республикасының құрылуымен (1920 жыл 26 тамыз), Қазақ АССР-нің Үкіметі 1920 жылғы 8 қарашадағы өзінің қаулысымен «Қазақ АССР-дегі мемлекеттік статистика туралы ережені» бекітті және АССР-дің Статистикалық басқармасы құрылды. Осылайша, Қазақстанның біртұтас орталықтандырылған статистикалық органдарының құрылған күні 1920 жылғы 8 қараша деп қабылданған.

2008 жылғы 8 қарашада Қазақстанның мемлекеттік статистикасына 88 жыл толды. Тәуелсіздік жылдарында қазақстандық статистика еуропалық стандарттарға жақындады: практикада халықаралық жіктеуіштер, әдіснамалық принциптер, деректерді өңдеу мен интерпретациялау тәсілдері қолданылады. 2008 жылы халықаралық сарапшылармен өткізілген мемлекеттік статистика жүйесін екінші Жаһандық бағалау нәтижелері бойынша, Қазақстан Орталық-Азия өңіріндегі статистиканы дамыту саласында батыл қадаммен озып келеді.

Агенттік, БҰҰ-ның принциптерін басшылыққа ала отырып, барлық пайдаланушылардың құпиялы емес барлық ақпараттарға тең, бірыңғай қолжетімділігін қамтамасыз етеді және демократиялық қоғамның дамуына ықпал етеді, сөйтіп, шешім қабылдауда объективті және түсініктердің теріс еместігіне кепілдік береді. Біз БҰҰ ресми статистикасының он негізгі принциптерін толығымен қамтамасыз етеміз және қызметті ұйымдастыру бөлігінде халықаралық сапа стандартына сәйкестендіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі уақытта Статистика агенттігі саны 250 адамды құрайтын 10 департаменттен тұрады. Агенттікке 3676 адам жұмыс істейтін, 16 аумақтық статистика органдары РМК жұмыс істейді. Статистика агенттігінің жанында «Ақпараттық-есептеу орталығы» жұмыс істейді. Бұл статистикалық ақпараттарды өңдеуге және ұсынуға қажетті барлық функцияларды және қызметтерді біріктіретін өндірістік бөлімше.

I. СТАТИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

СТАТИСТИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТАРАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҒЫ

Статистика агенттігі статистикалық ақпараттарды тарату нысандары мен әдістерін үнемі жетілдіріп отырады, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы объективті және сапалы ақпаратты пайдаланушылардың кең ауқымына мерзімінде ұсынуға ұмтылады.

Жұртшылықпен байланыс



Статистикалық ақпаратты таратудың маңызды арнасы БАҚ–пен ынтымақтастық болып табылады. 2008 жылы Статистика агенттігі ел Президентінің «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Жолдауын ақпараттық-насихатпен сүйемелдеу шеңберінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы БАҚ-қа 80-нен астам баспасөз-хабарламаларын жолдады.

Статистика агенттігі «Қазақпарат», «Интерфакс Казахстан», «Казахстан сегодня» ақпараттық агенттіктерімен, «Время», «Экспресс-К», «Караван», «Время», «Республика» газеттерімен, «31 канал», «Қазақстан», «Хабар» және басқа теларналармен белсенді жұмыс істейді.

2008 жылы «Блумберг», «РИА Новости», «Рейтерс» халықаралық ақпараттық агенттіктерімен жұмыстар жүргізілді, олардың көмегімен бүкіл әлемге Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жарияланды.

«Казахстанская правда», «Вечерняя Астана», «Финансы и кредит» сияқты газеттер Статистика агенттігінің деректерімен арнайы айдарларды жүргізуді жалғастыруда.

Статистикалық ақпараттарды таратуды жетілдіру бойынша жұмыстар шеңберінде Статистика агенттігі ЖОО-ның, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен іс-шаралар жүргізілді. Осындай іс-шараларда өндіріспен, сондай-ақ статистикалық деректерді дұрыс пайдаланумен танысуға мүмкіндіктер берілді. Астана қаласының жұртшылығына арналған пайдаланушылар үшін конференциямен бірге Ашық есік күні өткізілді. Барлық қатысушыларға түрлі үлгідегі статистикалық жарияланымдар тегін берілді және статистика мәселелері бойынша кеңес беру қызметтері көрсетілді.

Сонымен бірге мерзімді республикалық және өңірлік БАҚ-тың өкілдеріне арналған оқыту тренингтері өткізілді. Осындай тренингтер өткізу әрбір цифрдің мәнін дұрыс түсінуге және оны кең жұртшылыққа жеткізуге мүмкіндіктер береді.

2008 жылдың екінші тоқсанынан бастап 2009 жылғы – Халықтың ұлттық санағының ақпараттық жұмысы басталды. Статистиканың өңірлік бөлімшелерімен бірге осы шараны өткізуді қолдау туралы түрлі салалардағы ұйымдармен келісімге қол жеткізілді.

Интернет



Интернеттегі Статистика агенттігінің веб-сайты пайдаланушыларға статистикалық ақпараттарды жедел ұсынуда үлкен рөл атқарады.

Ол Интернет желісіндегі барлық мүдделі пайдаланушыларды статистиканың салалары, көрсеткіштері, әкімшілік-аумақтық бірліктері бөлінісіндегі өзекті статистикалық ақпараттармен қамтамасыз ету үшін құрылды. Сайт үнемі жетілдіріліп отырады.

Порталды пайдаланушылар үшін әліпби тәртібімен орналастырылған, статистика салалары бойынша кестелік және графикалық түрдегі негізгі статистикалық көрсеткіштер ұсынылды. «Қазақстан цифрларда» тарауында жедел ақпараттар, негізгі көрсеткіштер, серпінділік кестелері, әдіснамалық түсініктемелер, графикалық материал жарияланады. Статистикалық жарияланымдардың тізбесін және барлық статистикалық жинақтар мен жарияланымдар Агенттік порталындағы «Жарияланымдар» тарауынан алуға болады. Сонымен бірге 2008 жылдан бастап (www.stat.kz) сайтындағы «Жарияланымдар» айдарында Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес қалыптастырылатын PDF пішімдегі жылнамалықтар, жинақтар, журналдар орналастырылады.

Респонденттерге қолайлы болу үшін статистикалық есептілік нысандары бланкілерінің электрондық нұсқаларын көшіру және есептердің түрлері мен ұсыну мерзімдері көрсетілген «Статистикалық күнтізбені» көру мүмкіндігі іске асырылды.

Порталдың кез-келген пайдаланушысы өзіне қажетті сұрақтарын қоюға, «Блоктар» тарауында консультация алу үшін хабарласуға, сондай-ақ порталда өткізілетін Интернет-конференцияларға және интерактивтік сауалдамаларға қатысуына болады.

Жарияланымдар



2008 жылы Статистика агенттігімен тиражы 42600 дана 43 атаумен жарияланымдар шығарылды.

Халықаралық ұйымдардың статистикалық жарияланымдарымен алмасу үшін Қазақстан статистикалық жылнамалығы тек ағылшын тілінде шығарылды. Бұдан басқа, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде, мемлекеттік статистика саласында сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардан сақтандыруға бағытталған ақпарат ұсынылған «Әкімшілік рентаға қарсы әрекет» кітапшасы шығарылды.

Жоспардан тыс бірқатар жарияланымдар: «Астананың мерейтойына 1998-2007 жылдар» ақпараттық-талдау жинағы, «Қазақстан тәуелсіздік жылдарында 1991-2007 жылдар» жинағы, «Қазақстан 1991-2007 жылдар реформаларында және дамуында» кітапшасы, «Қазақстан статистикасы. Жетістері мен келешегі» кітапшасы, «Қазақстанның Мемлекеттік статистикасының 88-жылдығына» кітапшасы, экономика салалары бойынша 20-дан аса атаумен буклет, статистикалық күнтізбе шығарылды.

Халықаралық тәжірибені есепке алумен статистикалық жарияланымдардың құрылымы мен мазмұнын жетілдіру, жалпы дизайнды және полиграфиялық атқару сапасын жақсарту бойынша тұрақты жұмыстар жүргізіледі.

2008 жылы статистикалық деректерді тарату үдерісінің шеңберінде министрліктердің және ведомстволардың 500-ден аса ресми сұратулары орындалды; жедел статистикалық ақпарат күн сайын қағаз тасушыда және электрондық түрде жіберіледі. Бұдан басқа, күн сайын пайдаланушылармен – консультациялар, ресми жарияланған статистикалық ақпараттарды электрондық түрде (әр қызметкерге жылына 120-ден аса қанағаттандырылған сұратуларды) ұсыну жұмыстары жүргізіледі.

Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы



Қоғамдық пікірді талдау мақсатында Статистика агенттігі қызметінің мәселелері бойынша пікір сұрау парақтары арқылы сауалнама алу жүргізілді. Пікір сұралғандардың арасында 46,6%-ын мемлекеттік қызметшілер, 32,9%-ын оқушылар және жоғары оқу орындарының оқытушылары, 4,3%-ын бизнес өкілдері, 16,4%-ын – пайдаланушылардың басқа санаттары құрады.

Пікір сұрау деректері бойынша, сұралғандардың жалпы санының 74%-ы жарияланатын статистикалық ақпараттардың көлемімен қанағаттандырылды. Сонымен бірге сұралғандардың 93-і Статистика агенттігінің сайты пайдаланылған, оның ішінде 75%-ы сайттан өздеріне қажетті ақпаратты тапқан. Бірақ, пайдаланушыларда ақпаратты ұсыну нысандары бойынша ескертулері бар. Басым көпшілігі талдау ақпараттары көп болуы қажет деп санаса, 15%-ға жуығы статистикалық ақпараттарда графиктер, диаграммалар, суреттер жеткіліксіз деп санайды.

Пікір сұрауда ақпаратты пайдаланушылардың барынша белсенді бөлігінің ақпаратты Интернет арқылы ұсынуды қалайтындығын көрсетті. Сонымен, респонденттердің 86,4%-ы статистика деректерінің электрондық базаларына қол жеткізгісі келеді. Анықтамалық қызметті сұралғандардың 11,4%-ы таңдады, ал ақпаратты жазылым бойынша алу – тек 10%. Пайдаланушылар санатының бөлінісінде жазылымды мемлекеттік органдардың 9,5%, оқу орындары 12,5%-ы, пайдаланушылардың басқа санаттары 4,3% қажет етеді. Бизнес өкілдері жазылымды ақпаратты таратудағы өздеріне қолайлы нысан деп белгілемеді.

Сұралғандардың жартысына жуығы деректерді тарату жөніндегі статистикалық қызметті жақсарту бойынша ұсыныстар енгізді. Ұсыныстар деректерді таратудың барлық аспектілеріне қатысты. Ол БАҚ-пен өзара іс-қимылды кеңейту, тұсаукесерлік іс-шараларды өткізу, Агенттік сайты және әсіресе аумақтық органдардың сайттарын жақсарту, статистиканың әлеуметтік салалары бойынша ақпараттардың көлемін жақсарту, ақпараттың жеделдігін арттыру және басқалар.

Тұтастай алғанда статистикадағы пайдаланушылардың қатынасы позитивті. Сұралғандардың 60%-дан астамы ресми статистика деректерінің дұрыстығын 75%-дан жоғары деп санайды. Сұралғандардың тек 5%-ы дұрыстық деңгейін 50%-дан төмен деп бағалайды.



КӘСІПОРЫНДАРҒА СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕНИ ТӨМЕНДЕТУ



Деректерді алудың негізгі әдістері заңды және жеке тұлғалар, бағаны тіркеу, халықтан сұхбат алу және статистикалық тіркелімдерді жүргізу бойынша статистикалық нысандарды пайдалана отырып статистикалық байқауларды өткізу болып табылады. Деректерді жинаудағы негізгі проблема қолда бар әкімшілік деректерді жеткіліксіз пайдалану, пайдаланушылардың жекелеген топтары бойынша бастапқы деректерді өңдеу нысандары мен әдіснамасының күрделілігі есебінен респонденттердің жоғары жүктемесі болып табылады. Бұдан басқа, түрлі мемлекеттік органдардың осындай көрсеткіштердің жиынын қайталауы және тіркелімдік жүйелер мен ішінара байқауларды жеткіліксіз қолданбауы кездеседі.

Кәсіпорындарға арналған орташа жүктеме айына 8 статистикалық есепті құрастырады (кәсіпорынның, өңірдің көлеміне және зерттеуді жүргізу әдісіне байланысты, 4-тен 50 нысанға дейін), сонымен бірге респонденттің есептілікті толтыруға жұмсайтын уақыты кәсіпорынның көлеміне байланысты жылына 2-ден 18 адам-күннің аралығында. Осындай көрсеткіштер шетелдердің статистикалық офистерінің көрсеткіштерінен 1,5-2 есеге асады.

Шет елдерде (Норвегия, Канада, Австралия) заңнамалық, технологиялық және ұйымдастырушылық деңгейде статистикалық көрсеткіштердің өндірісіне арналған барлық әкімшілік дереккөздердің деректерін толық пайдалану қамтамасыз етілген, бұл респонденттер жүктемесінің (кәсіпорындардың мемлекеттік органдарға тапсыратын есептері санының азаюына) төмендеуіне ықпал етеді.


Сонымен бірге, нәтижелерге бағытталған жоспарлаудың жаңа жүйесін енгізуді ескере отырып қамтылудың кеңейтілуін, қосымша тәптіштеуді және мемлекеттік органдардың Стратегиялық жоспарларды орындау мониторингін арналған құралдардың құрылуын талап етеді.

Агенттік кәсіпорындарға жүктемені төмендету курсы дәйекті түрде жүргізеді. «Бір терезе» қызметі енгізілді, статистикалық құралдар, нысандар және статистикалық ақпараттарды жинау әдістері жетілдірілуде, түрлі мемлекеттік органдардың статистика өндірісін бірыңғай тиімді жүйеге біріктіретін статистика жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны түзету жөнінде жұмыстар жүргізілуде, статистикалық ақпараттармен алмасу бөлігінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кеңейтілуде. Соның нәтижесінде соңғы жылдары респонденттерге арналған жүктемені төмендетуде белгілі бір қадамдар айқындалуда.

Төменде 1-6 кестелерде 2006-2008 жылдардағы кәсіпорындарға арналған жүктемелер мониторингінің көрсеткіштері берілген.


Кәсіпорындарға арналған жүктемелердің нәтижелері 1-кестеде көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, республика бойынша 2008 жылы бір шаруашылық жүргізуші субъектінің есепті толтыруға жұмсаған, орташа уақыт мәні 17 сағат немесе 2 адам-күнді, өте жоғары мәні Ақмола облысында 37 сағат немесе 5 адам-күн және өте төмен мәні Астана қаласында тиісінше 8 немесе 1 құрайды.

1-кесте. Бір шаруашылық жүргізуші субъектінің есепті толтыруға жұмсаған орташа уақыт мәні, сағат




2-кестеде Қазақстан өңірлері бойынша кәсіпорындар түрлерінің бөлінісінде бір шаруашылық жүргізуші субъектінің есепті толтыруға жұмсаған орташа уақыт мәні. Республика бойынша тұтастай бір кіші кәсіпорын барлық есептерді толтыруға 9 сағат немесе 1 күн, орташа -74 сағат немесе 9 адам-күн, ірі кәсіпорын барлық есептерге 147 сағаттан немесе 18 адам-күннен артық уақыт жұмсайды.

2-кесте. Кәсіпорындар түрлерінің бөлінісінде бір шаруашылықты жүргізуші субъектінің есептерді толтыруға жұмсаған орташа уақыт мәні, сағат



3-кестеде орташа алғанда бір жыл ішінде бір кәсіпорын ұсынған есептер санының серпіні көрсетілді. Сонымен, ірі кәсіпорындар бойынша есептердің саны 19,5 пайызға және орта кәсіпорындар бойынша 21,2 пайызға төмендеген.


3-кесте. Бір кәсіпорынның орташа бір жыл ішінде ұсынған есептерінің саны



4, 5, 6 - кестелер 2006-2008 жылдар кезеңдеріне ұсынылған есептер саны бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, орта және ірі кәсіпорындардың бөлінуін көрсетеді.


ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАР

4-кесте. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін ұсынылған есептер саны бойынша бөлу




ОРТА КӘСІПОРЫНДАР

5-кесте. Орта кәсіпорындарды ұсынылған есептер саны бойынша бөлу



ІРІ КӘСІПОРЫНДАР

6-кесте. Ірі кәсіпорындарды ұсынылған есептер саны бойынша бөлу



МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

2008 жылы Статистика агенттігінің респонденттерге, оның ішінде кәсіпкерлікке арналған бюрократиялық жүктемені төмендету және статистикалық ақпараттардың сапасын жетілдіру жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №459 қаулысымен құрылған Мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі кеңестің шеңберінде жүзеге асырылды. Кеңестің құрамына мемлекеттік органдардың бірінші басшылары кіреді.

Статистикалық көрсеткіштердің өндірісіне арналған мемлекеттік органдардың әкімшілік дереккөздері деректерін пайдалану мәселелерін шешу шеңберінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов төрағалық еткен Кеңес мәжілісі өткізілді. Кеңес мәжілісінде мынадай мәселелер қаралды:

1. Статистика органдарының Әділет, Ішкі істер министрліктерінің және Қаржы министрлігінің Салық комитеті деректерінің электрондық базаларына қол жеткізуін қамтамасыз ету туралы;
2. Заңды тұлғалардың, филиалдардың және өкілдіктердің тіркелуі (қайта тіркелуі) барысында статистикалық карточкаларды жою туралы;
3. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, қорғаныс, ішкі істер министрліктерінің басқаруындағы денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарының статистикасы жөніндегі есептілікті ұсыну туралы;
4. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу туралы.

СТАТИСТИКАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ ЖАҢҒЫРТУ



Статистика агенттігі 2008 жылы статистикалық нысандарды жаңғырту бойынша жұмыстарды жалғастырды. Статистикалық нысандарды жаңғыртудың негізгі мақсаты – нысандарды, нысандардағы көрсеткіштер санын, нысандарды толтыру уақытын қысқарту, жаңа ақпараттық технологияларды және басқаларды пайдалану арқылы респонденттерге арналған жүктемені төмендету. 2008 жылы мемлекеттік статистикалық есептіліктің барлық түрлеріне талдау өткізілді және жалпымемлекеттік нысандардың саны 187-ге дейін, ведомстволық нысандардың 80-ге дейін саны қысқартылды. Бірнеше нысандар бойынша деректерді жинау кезеңділігі өзгертілді: ай сайынғы есептіліктің орнына – тоқсандық, тоқсандықтың орнына – жылдық есептілік.

Нысандарды жаңғыртудың нәтижесінде мынадай проблемалық мәселелер шешілді: нысандар арасындағы, нысандардағы көрсеткіштерді қайталау, толтырудағы еңбек сыйымдылығы, қолайсыз үлкен кестелердің болуы, нұсқаулықтардың дұрыс еместігі, нысандарға арналған артық жүктеме және тағы басқалар. Статистикалық есептіліктің бірыңғайланған нысандары қолданылатын жіктеуіштердің және идентификаторлар бөлінісіндегі мәнді анықтауға және деректерді көпқалыпты ұсыну үшін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, 2008 жылы 76 жалпымемлекеттік нысандар жаңғыртылды, нысандарды жаңғырту бойынша жүргізілген жұмыстардың тиімділігі: респонденттерге арналған жүктеменің төмендеуі; статистикалық қызметтер сапасының артуы, ақпараттың дұрыстығы; пайдаланушылардың қажеттілігін қанағаттандыру; барлық статистикалық үдерістерді жаңғырту және автоматтандыру (жинау, өңдеу, деректерді тарату және сақтау); жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану; барлық ақпараттық технологияларды біріктіру; уақытты және қаржылық шығындарды қысқарту болады.

СЫНАМА ХАЛЫҚ САНАҒЫН ӨТКІЗУ



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы №1138 қаулысымен бекітілген 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізудің іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында 2008 жылғы 25 ақпан пен 6 наурыз аралығында Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан әкімшілігінің аумағында халықтың пилоттық санағы өткізілді.

Пилоттық санақты өткізудің мақсаты халық туралы деректерді тіркеуден бастап өңдеуге дейінгі – оны өткізудің маңызды кезеңдерінде болуы мүмкін кемшіліктер мен қиындықтарды анықтау мен түзетуден тұрады.

Халық санағының бағдарламасы мүдделі министрліктер және ведомстволармен талқыланды, оған олардың ескертулері мен ұсыныстары енгізілді.

Үйлестіруді жүзеге асыру және өңірдің атқарушы билік органдарының келісілген әрекеттерін қамтамасыз ету, санаққа дайындық және өткізу мәселелерін жедел шешу үшін кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, қалалық әкімшіліктегі құрылымдық бөлімшелердің және ауылдық (селолық) округтердің әкімшіліктері басшыларының құрамында Түркістан қалалық әкімшілігіндегі санаққа жәрдемдесетін комиссия құрылды.

Санақты өткізудің ұйымдастыру жоспарының негізінде санақ қызметкерлеріне 730 адам тартылды, әкімшіліктің аумағы 32 санақ бөліміне, 151 нұсқаушы учаскесіне, 511 есеп учаскесіне бөлінді. Бұдан басқа, тәжірибеде нақты жағдайларда санақ қызметкері ретінде сол орындардағы санақтың дайындығы мен оны өткізуге жауапты, облыстардың аумақтық статистика департаменттерінің өкілдері қатысты.

Халық арасында пилоттық санаққа дайындық және өткізу кезінде жаппай түсіндіру жұмыстары жүргізілді, санақтың мақсаты мен міндеті, оның маңызы туралы үгіттеу және түсіндіру материалдары таратылды. Сондай-ақ БАҚ үшін 2008 жылғы 20 ақпанда Шымкент қаласында 2009 жылғы санаққа дайындық жұмыстарының маңызды кезеңі ретіндегі пилоттық санақтың мәселелері бойынша баспасөз мәслихаты өткізілді.

Түркістан қаласында 2008 жылы өткізілген халықтың пилоттық санағының арқасында, алдағы негізгі халық санағында өңдеу және қабылдау үшін әдіснамалық, ұйымдастырушылық және нұсқаушылық мәселелері бойынша қажетті материалдар алынды. Санақ қызметкерлеріне деген қажеттіліктердің тиімді нормасы, оларға арналған жүктемелердің нақты нормасы, қаржыландыру қажеттіліктерінің көлемі айқындалды және бағдарламаға және 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының ұйымдастыру-әдіснамалық ережесіне тиісті түзетулер енгізілді.

2009

А587АЕХЗЙИКЛМНОПРСТУҒҰХЦЧШЩЪЫБӨЯІТІЗ34567890

1-4 жақпаларға нақарақшы

Материал керушінің атауы

<input type="checkbox"/>	Керпіш, тас	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Күрневалық	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Баранга таспалық	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Обықлы-белік	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Күрневалық	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Дерек, ағаш	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Металлалық бетон (металлбетон)	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Ірнектілі бетон	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Саман	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Керпіш-күрневалық	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	Другие строительные материалы	<input type="checkbox"/>

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ



Статистикалық деректер пайдаланушылардың кең ауқымы үшін өндіріледі. Сондықтан, өз миссиясын орындау үшін, статистиктерге тұтынушылардың сұранысы мен сенімі бар сапалы деректерді өндіру өте маңызды. Бұл барлық елдердің статистиктерінің алдында тұрған өте күрделі міндет. Түрлі елдердің экономистеріне: «Сіз өз еліңіздегі қоғамдық пікірталастарды сенімді ақпараттардың негізі деп санайсыз ба?» деген сұрақ қойылды. Дамыған елдерде бұл сұраққа респонденттердің 62%-ы, ТМД елдерінде респонденттердің 43%-ы оң жауап берді. ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда қазақстандық статистика жетекшілердің бірі және статистикалық деректерге деген сенімнің деңгейі орташадан жоғары. Статистика агенттігі ресми статистикаға деген сенімнің деңгейін 70% -ға дейін арттыру мақсатын қойды, оған қол жеткізу үшін 2007-2008 жылдары ИСО 9001-2000 халықаралық стандарт талаптарына жауап беретін сапа менеджменті жүйесі енгізілді. 2008 жылғы желтоқсанда Статистика агенттігі, Агенттіктің ИСО 9001-2001 ҚР СТ ұлттық стандарт талаптарына, сапа менеджменті жүйесіне сәйкестігін растайтын статистикалық қызметінде қолданылатын Сертификат алды.

Неге сапа менеджменті жүйесін енгізу статистикалық деректердің сапасын және оларға деген сенімді арттыруы қажет? Статистика агенттігі сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу барысында статистикалық ақпараттарды өндіру және таратудың негізгі процестерін реттеді. Тұрақты негізде мониторинг және процестерді өлшеу жүргізіледі, жақсарту мүмкіндіктері талданады.

Мұндай жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, сапа жөніндегі басшылықты қоса 24 құжат, 6 құжатталған рәсім, 15 карта процесі, 2 әдістемелік нұсқаулық дайындалды. Енгізілген сапа менеджменті жүйесі статистикалық деректердің сапасын жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз етеді.



II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ 2006-2008 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Мемлекеттік статистиканы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған үш жылдық бағдарламасы аяқталды. Бағдарламаның мақсаты Еуропалық Одақта қабылданған халықаралық стандарттарды кешенді енгізу арқылы статистикалық ақпараттардың сапасын арттыру. Халықаралық стандарттарды енгізу үшін бағдарламада бағдарламаның міндеттеріне сәйкес келетін өзара байланысты бес бағыт бойынша жұмыстар кешенін жүргізу көзделді: үйлестіруді жақсарту, әдіснаманы әзірлеу, талдау жүргізу, ақпараттық жобаларды енгізу және халықаралық ынтымақтастық. Мемлекеттік статистиканы дамыту бағдарламасының төртінші қорытындысы шығарылды. Бағдарламаны іске асыру аясында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

Кәсіпорындарға арналған статистикалық жүктемеге мониторинг енгізу

Статистика агенттігінде кәсіпорындарға арналған жүктеменің мониторинг 2004 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Жүргізілген жұмыстардың арқасында статистикалық құралдар, статистикалық ақпараттарды жинау мен өңдеу нысандары және әдістері жетілдірілуде. Бұдан басқа, статистика жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны түзету бойынша жұмыстар жүргізіледі, статистикалық ақпараттармен алмасу бөлігінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кеңейтіледі.

Статистика агенттігі 2006 жылы мемлекеттік статистика органдары көрсететін өндірістік процестер мен қызметтердің сапасын жақсарту жөніндегі жүйелі жұмыстарды бастады.

Мемлекеттік қызметті реформалаудың жалпы бағыттарына сәйкес Статистика агенттігі мемлекеттік қызметті ұсынудың жаңа стандарттарын енгізу бойынша бірқатар іс-шараларды қабылданды. Барлық өңірлік статистика органдары 2007 жылдан бастап респонденттерден статистикалық нысандарды қабылдауға және оларға «бір терезе» принципі бойынша консультациялық қызмет көрсетуге көшті.

«Бір терезе» қызметін құрудың негізгі міндеттері:

- Ұсынылатын қызметтердің тізбесін кеңейту арқылы респонденттерге қызмет көрсету сапасын арттыру;
- «Бір терезе» қызметінде жұмыс істейтін мамандардың еңбек тиімділігін арттыру;
- «Бір терезе» қызметіне жаңа функцияларды – пайдаланушыларға қызмет көрсетуді (статистикалық деректерді тарату, консультация және т.б.) енгізу.

Жаңа енгізілімнің басты мақсаты респонденттер үшін ақпараттарды статистика органдарына ұсынуды барынша қолжетімді, қарапайым және қолайлы етіп жасау.

Ғылыми зерттеулер жүргізу

2006-2008 жылдары барлық енгізілетін халықаралық стандарттар бойынша әдіснамалық және әдістемелік базаны құру мақсатында 37 ғылыми зерттеу жүргізілді.

Ғылыми зерттеулер стандарттарды енгізу кезеңін қысқарту және ұлттық деңгейде халықаралық ұсынымдар мен стандарттарды бейімдеудің барынша тиімді жолдарын анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеулердің нәтижелері нақты әдіснамалық әзірлемелер түрінде ұсынылды.

Жаңа статистикалық көрсеткіштерді енгізу

2006-2008 жылдары өндіріске 14 статистикалық модуль, соның ішінде өндірістің бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің модуль бойынша 60-тан аса жаңа статистикалық көрсеткіштер енгізілді:

Көлік статистикасы

Өуе көлігі және әуежайлардың жұмысы туралы 20 көрсеткіш енгізілді.

Байланыс статистикасы

Коммутация жасалатын қатынауды пайдаланумен және жоғары жылдамдықты кең жолақты қатынауды пайдаланумен Интернет абоненттерінің бар болуы бойынша 6 көрсеткіш енгізілді.

Баға статистикасы

Жаңа 2 индикатор енгізілді:

- орман шаруашылығының өнімдері мен қызметтеріне баға индексі,
- көтерме сауда бағаларының индексі;

Бұдан басқа, заңды тұлғалар үшін байланыс қызметтеріне арналған тарифтер индекстерінің құрамына курьерлік қызметтерге арналған субиндекс есебі қосылды. Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша бағалардың субиндекстерін қалыптастыру жүзеге асырылды.

Өлеуметтік статистика

40-тан астам көрсеткіштер енгізілді, соның ішінде:

- экологиялық статистика бойынша қалдықтардың халықаралық жіктелімге сәйкес келетін 10 көрсеткіші енгізілді;
- білім беру статистикасы бойынша 20-дан аса көрсеткіш енгізілді, оның көп бөлігі компьютермен жарақтандыруды, интерактивті жабдықтың болуын және оқу ғимараттардың техникалық жағдайын сипаттайды;
- еңбек статистикасы бойынша жұмыс күшін ұстауға арналған шығындар құнына қатысты 10-нан аса көрсеткіш енгізілді.

Өндіріс статистикасы

Шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының қызметін сипаттайтын индикаторлар енгізілді.

Ұлттық шоттар статистикасы

- өңірлер бойынша жалпы шығарылымды есептеуге арналған кесте әзірленді. Келесі қадам бұдан бұрын өңірлер бойынша бөлінбеген, мынадай компоненттерді бөлу болды: мемлекеттік басқару, қаржы қызметі, қаржы делдалдығын жанама өлшейтін қызметтер; өнімдер мен импортқа салынатын салықтар және өнімдер мен импортқа демеу-қаржылар;
- «Шығындар-шығарылым» (ТЗВ) кестелерді ұсыну пішіні өзгертілді;
- мұнай-газ секторына қатысты салалардың тізбесі айқындалды және бірінші, екінші және үшінші мұнай-газ секторларына бөлу бойынша жылдық деректер жөніндегі есептер жүзеге асырылды.
- еңбек өнімділігінің есептері енгізілді.

Талдамалық есептерді дайындау

2006-2008 жылдары мемлекеттік және салалық ұзақ мерзімді дамыту бағдарламаларын ақпараттық қолдау үшін 43 талдамалық есептер дайындалды.

Статистикалық деректерді барынша толық, дұрыс және уақтылы пайдалану мақсатында талдамалық есептер нысанында статистикалық деректерді тарату мемлекеттік статистикадағы жаңа бағыт болып табылады. Бұл жаңа тәсіл статистиканы пайдаланушылардың қанағаттанушылығын арттыруға ықпал етеді.

ТАСИС достастық елдеріне техникалық жәрдемдесу жобаларын іске асыру.

Халықаралық ұйымдардың бағыты бойынша консультациялық көмек көрсету шеңберінде Статистика агенттігі «ТАСИС достастық елдеріне техникалық жәрдемдесу бағдарламасы бойынша халықаралық ынтымақтастық «Статистика 8» жобасын іске асырды, соның шеңберінде 7 жоба іске асырылды: статистикалық метадеректер, микродеректердің сапасы, қызмет көрсету статистикасы, байланыс статистикасы, конъюнктуралық зерттеулер, энергетикалық статистика, әлеуметтік статистика. ТАСИС «Статистика 9» жобасы бойынша 4 жоба аяқталды: web технологияларының негізінде пайдаланушыларға деректерді және метадеректерді ұсынудың жаңа нысандарын енгізу; кірістерді өндіру және құру әдістерімен жалпы өңірлік өнімдердің тоқсандық есептерін жақсарту арқылы ҰШЖ жетілдіру; қысқа мерзімді коммерциялық статистика стандарттарын енгізу; ИСО 9001-2000 стандарттарын енгізу.

Өндірістік процестерге сапа мониторингі жүйесін енгізу

Статистика агенттігіне статистикалық ақпараттардың өндірісі процестерінің мониторингін қамтамасыз ететін, сапа менеджментінің заманауи жүйесін енгізу жөніндегі дайындық жұмыстарының кешені өткізілді. Жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалды. Бұл жөнінде «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің сапа менеджменті жүйесі құжаттарын бекіту туралы» Агенттік Төрайымының 2008 жылғы 20 қазандағы №176 бұйрығы, сондай-ақ ИСО 9001-2001 ҚР СТ Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының талаптарына (2008 жылғы 15 желтоқсандағы KZ. 7100237 ККС №03743 Сәйкестік сертификаты), Агенттіктің статистикалық қызметінде қолданылатын сапа менеджменті жүйесінің Сәйкестік сертификаты қуәландырады.

Ақпараттық жүйелерді енгізу

5 ақпараттық жүйе енгізілді, ол «Мемлекеттік статистиканың» бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастырудың негізін құрады:

- Электрондық статистикалық есептілік (ЭСЕ);

Жүйе статистикалық байқауларды өткізу және оларға есептерді дайындау кезінде заманауи ақпараттық технологияларды және есептеуіш техника құралдарын қолдану негізінде бастапқы статистикалық деректерді жинау мен өңдеуді қамтамасыз етуге арналған. 2008 жылы ЭСЕ-де сегіз айлық статистикалық есептер бойынша деректерді өңдеу жүзеге асырылды: 1-«Өндіріс және өнімдердің (тауарлардың, қызметтердің) қалдықтары туралы кәсіпорындардың есебі»; 1-инвест «Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп»; 1-сауда «Тауарлар мен қызметтерді өткізу туралы есеп»; 1-көлік «Көліктің жұмысы туралы есеп»; 3-байланыс «Почталық, курьерлік қызметтер және электр байланысы туралы есеп»; 1-КҚ «Құрылыс ұйымдарымен орындалған жұмыстар (қызметтер) туралы есеп»; 2-КҚ-құрылыс «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп»; 1-ЖТҚ «Жеке салушылармен объектілерді пайдалануға беру туралы есеп».

- Жіктелімдер мен стандарттар;

Жүйе статистикалық анықтамалар мен жіктелімдерді әзірлеу, енгізу, пайдалану және тарату процестерін автоматтандыруға және басқа ішкі және сыртқы ақпараттық жүйелер үшін, ондағы ақпараттарға таралған қолжетімді қамтамасыз етуге арналған.

- бастапқы статистикалық ақпараттарды сақтау;

Осы жүйе статистикалық зерттеулер деректерін жүктеу, қайта құру, сәйкестендіру, сақтау және олар бойынша есептерді дайындау үшін пайдаланылады. 2008 жылы жүйеге 3 тоқсандық статистикалық нысанды енгізу жүргізілді: 1-КҚ «Кәсіпорындардың өндірістік-қаржылық қызметі туралы есеп»; 2-ШК «Шағын кәсіпорындар қызметінің негізгі көрсеткіштері»; 1-ІС «Ішкі сауда және қызмет көрсетуші кәсіпорындардың қызметі туралы есеп».

- Өлеуметтік статистикаға арналған тіркелім;

Тіркелімнің белгіленуі Қазақстан Республикасының тұрғын үй қоры туралы бастапқы деректерді жинау, сақтау және көрсетудің орталықтандырылған жүйесі болып табылады. Осы жүйе үй шаруашылықтарының статистикалық зерттеулерін ұйымдастыру және өткізу үшін базалық құралы болып табылады

- Статистика агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің статистикалық және талдамалық ақпараттарын бірыңғай Интернет-портал арқылы тарату.

Ақпараттық жүйе Қазақстан Республикасының өзекті статистикалық деректерінің барлық мүдделі пайдаланушыларына, тұтастай Статистика агенттігінің қызметі туралы ақпаратты ұсынуға арналған. Осы жүйе Статистика агенттігінің ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің бірыңғай тұғырнамасы болып табылады.

Халықаралық семинарларды өткізу

«Халықаралық жіктелімнің жаңа жүйесіне өту» және «Бизнес-тіркелімдер заманауи статистикалық жүйелердің негізі» тақырыптарында екі халықаралық семинар өткізілді.

Семинарлардың негізгі мақсаттары пайдаланушыларды негізгі аспектілермен және ҚДЕС (NACE) и КПЕС (CPA) еуропалық статистикалық жіктелімдердегі соңғы өзгерістермен, сондай-ақ статистикалық қызметтер үшін бұл өзгерістердің салдарымен таныстыру; бизнес-тіркелімдердің статистикадағы орны мен рөлі. Семинарларда жіктелімдер мен тіркелімдер саласындағы халықаралық статистиканың тәжірибесі мен ұсыныстары, базалық тіркелімдерді бірлесіп пайдалану мысалдары, заң бірліктерінің әкімшілік тіркелімдері және статистикалық бизнес тіркелімдер бойынша халықаралық жұмыстардың тәжірибесі, сондай-ақ біріктірілген статистикалық жүйелерді құру мәселелері ұсынылды.

Мемлекеттік жіктелім жүйесін әзірлеу

Жіктелімнің жаңа халықаралық жүйесіне сәйкес мемлекеттік статистикалық жіктелімдердің жүйесі әзірленді. Статистикалық жіктелімдер жүйесін жаңғырту және Статистика агенттігінің статистикалық нысандарды қайта қарауы шеңберінде статистикада пайдаланылатын барлық жіктелімдер қайта қаралды. Ведомстволық жіктелімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Статистикалық деректерді кодтау үшін пайдаланылатын анықтамалықтарға өзгерістер енгізілді.

Экономикалық қызмет түрлерінің (NACE Rev.2) және экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдердің (CPA 2008) жаңа халықаралық жіктелімдеріне өту шеңберінде Статистика агенттігі 2007-2008 жылдары ұлттық жіктеуіштерге қайта қарау жүргізді.

Атап айтқанда, электрондық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚТЖ) және экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдердің жіктеуіші (ЭҚТБӨЖ) халықаралық стандарттармен үйлестірілген, оларды мемлекеттік жіктеуіштер ретінде бекіту үшін Статистика агенттігінің ұсынысы бойынша 2007 және 2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жөніндегі жоспарына енгізілді.

Статистика агенттігі 2007-2008 жылдары 04-2008 ҚР МЖ экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдердің (ЭҚТЖ) жаңа мемлекеттік жіктелімді әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүргізді және ол Қазақстан Республикасы Сауда және индустрия министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 646-од бұйрығымен бекітілді. ЭҚТБЖ жіктеуіштің негізінде CPA Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдердің жіктеуіші қабылданды.

2007-2008 жылдары экономикалық қызмет түрлері бойынша жаңа мемлекеттік жіктеуіш (ЭҚТЖЖ) әзірленді және бекітілді. Мемлекеттік статистикалық тіркелімдегі барлық бірліктерді жаңа ЭҚТЖЖ-ға қайта кодтау бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Зерттеулерге, ақпараттық жүйелерге және Статистика агенттігінің жарияланымдарына жаңа ЭҚЖЖ және ЭҚТБЖ-ны енгізу 2010 жылдан басталады деп болжануда.

Статистика агенттігі қызметінің маңызды бағыты 2007-2008 жылдары қолданыстағы және бұрынғы жіктелімді, өту кілттерін, жіктелімдерге сілтемелер мен басқа да әкімгерлерге сілтемелерді қосатын, ұлттық жіктелімдердің үйлесімділігін ұстап тұруға мүмкіндік беретін өндіріс процестеріндегі жіктелімді барынша жеңіл пайдалану үшін жіктелімнің ақпараттық жүйесі құрылды.

Статистикалық деректерді жинаудың жаңа әдіснамасына өту

Респонденттерге арналған жүктемені төмендетуді қамтамасыз ететін, статистикалық деректерді жинаудың жаңа әдіснамасына өту жүзеге асырылды.

Қызмет көрсету статистикасы

Әкімшілік дереккөздердің деректерін пайдалану және статистикалық көрсеткіштерді есептеу үшін статистика органдарына қажетті көлемде жүк және жеңіл автокөліктердің деректер қорын ұсыну туралы ҚР ИІМ–мен біріккен бұйрыққа қол қойылды. Сонымен бірге, көлік статистикасы бойынша ішінара зерттеуге өту үшін қажетті, бұдан әрі Автокөлік құралдарының тіркелімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, мемлекеттік жіктелімнің қолдануды есепке алумен, ҚР ИІМ автокөлік деректер қорын жетілдіру бойынша бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу шеңберінде, нысандарды жеңілдету және деректерді өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін енгізу есебінен респонденттерге арналған жүктемені төмендету үшін сауда статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық есептіліктің тоғыз нысаны жаңғыртылды.

2009 жылы ішінара зерттеулер өткізу үшін кәсіпорындардағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды зерттеу бойынша әдіснамалық базаны жетілдіру жүргізілді, осының арқасында кәсіпорындардағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды зерттеу бойынша респонденттер тобы көбейді.

Әлеуметтік статистика

Респонденттерге арналған жүктемені азайту мақсатында статистикалық есептіліктің мынадай нысандары жаңғыртылды: “Қоршаған ортаны қорғауға арналған ағымдағы шығындар, экологиялық төлемдер мен табиғи ресурстар үшін төлем туралы есеп” 4-ҚО, “Атмосфералы ауаны қорғау туралы есеп” 2-ТП (ауа), білім беру қызметтері мен денсаулық сақтау қызметтері.

«Білім туралы» жаңа Заңның қабылдануына байланысты «Кәсіби мектептің (лицейдің) есебі» 1-кәсіптех және «Колледж есебі» 2-НК нысандары біріктіріліп, білім беру деңгейлерін жіктеуге сәйкес “Техникалық және кәсіптік білім беру туралы есеп” 2-НК жаңа нысаны бекітілді.


Жалпымемлекеттік статистикалық есептілік ретінде «Кешкі (ауысымдық) жалпы білім беретін мектептің есебі» МЕ-5 нысаны пысықталып, бекітілді, бұдан бұрын – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық статистикалық нысаны.

Көрсеткіштер мен есептілік нысандарының статистикалық жүйесін жетілдіру мақсатында оларды кезең-кезеңмен жаңғырту және қайта қарау бойынша жұмыстар басталды. Бағдарламалық кешен міндеттерінің тиісті қойылуы дайындалуымен еңбек статистикасы бойынша «Еңбек бойынша есеп» 1-Е (айлық), 1-Е (тоқсандық) 1-Е (жылдық) нысандары қайта қаралды.

III. СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ 2009-2011 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ


Статистикалық жүйенің бұдан әрі дамуы Статистика агенттігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары шеңберінде жүзеге асырылады. Стратегиялық жоспардың негізгі мақсаттары қоғам қажеттіліктері көрініс табатын Статистика агенттігі қызметінің статистикалық көрсеткіштер жүйесін үнемі дамыту, ресми статистика деректеріне сенімнің жоғары деңгейі және респонденттерге арналған жүктемені төмендету болып табылады.

2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспар бойынша нысаналы индикаторлар



- Жыл сайын жүктемені 10%-ға төмендету
 - 2009 жылы Меморандум бойынша 20%-ға
- Жыл сайын әзірленетін көрсеткіштердің санын 5%-ға ұлғайту
- Жыл сайын статистикаға қанағаттанушылық деңгейін 15%-ға
 - 2009 жылы Меморандум бойынша 70%-ға дейін

Шығыстар бюджеті (Стратегиялық жоспарға сәйкес), млн. тг



IV. ОРЫНДАЛҒАН СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР МЕН СТАТИСТИКА САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

ҰЛТТЫҚ ШОТТАР СТАТИСТИКАСЫ

Макроэкономикалық көрсеткіштердің тоқсандық есептерін жетілдіру мақсатында ЖІӨ 2008 жылы тоқсандық негізде кірістерді құру әдісімен есептеле бастады. «ВРП тоқсандық есептері» ТАСИС жобасын іске асырғаннан кейін ВРП тоқсандық негізде ағымдағы бағаларда, сондай-ақ жылдық негізде ағымдағы және тұрақты бағаларда есептеле бастады.

Экономиканың ағымдағы дамуын бағалау үшін 2008 жылдан бастап қысқа мерзімді экономикалық индикатор есептеулері енгізілді. Осы индикаторды өзірлеу пайдаланушыларды экономикалық дамудың өзгеруі туралы талқылауға мүмкіндік беретін жедел ақпаратпен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады. Оның есептелуі: үлестері ЖІӨ көлемінде 67-68% жуықтықты құрайтын базалық салалар бойынша шығарылымдардың индекстерінің өзгеруіне (ай тиісті айға, кезең тиісті кезеңге) негізделеді.

ӨНДІРІС СТАТИСТИКАСЫ

Ішкі рыноктың тұрақтылығы мен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде 2008 жылғы тамыздан бастап «Астықтың қолда бары және қозғалысы туралы» тоқсандық есеп ай сайынғы кезеңдікке ауыстырылды, бұл республикадағы астықтың қолда бары туралы дәлірек ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Осы мақсатпен 2008 жылы «Майлы дақылдардың қолда бары және қозғалысы туралы» жаңа ай сайынғы байқауды 2009 жылдан бастап енгізу бойынша жұмыс жүргізілді.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТАТИСТИКАСЫ

Көлік статистикасы бойынша әуе көлігі және әуежайлардың жұмысы туралы жаңа байқау өзірленді, бұл өзірленетін көрсеткіштердің құрамын жақсартуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік басқару секторында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы ақпаратты жинау үшін 4-ақпарат жаңа нысаны бойынша зерттеу жүргізілді.

Шикізат емес рыноктың және қосылған құны жоғары тауарлар рыногының дамуы туралы ақпаратты қалыптастыру үшін 1-НТР нысаны бойынша экономиканың шикізат емес секторында жұмыс істейтін кәсіпорындарға жаңа зерттеу жүргізілді.

Мынадай статистикалық жарияланымдар (бюллетеньдер) дайындалды:

- «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару секторының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы»
- «Экономиканың шикізат емес секторында жұмыс істейтін кәсіпорындардың қызметі туралы».

Бұдан басқа салалық жинақтарда жарияланатын көрсеткіштердің тізбесі кеңейтілді.

Халықаралық ұсынымдардың және стандарттардың негізінде «Ақпараттық технологияларды пайдалану және олармен байланысты өнімдерді (жұмыстар, қызметтерді) өндіру туралы есеп» 3-ақпарат нысаны бойынша зерттеудің ішінара әдісіне көшу жүргізілді.

Сауда қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің бөлшек тауар айналымының көлемін анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдарды жетілдіру үшін дара кәсіпкерлерге арналған 1-ДК сауда бірыңғай нысаны әзірленіп, бекітілді, ол бойынша байқау өткізу 2009 жылға жоспарланып отыр.

БАҒА СТАТИСТИКАСЫ

2008 жыл бойы өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының серпініне статистикалық байқау базасында энергияға, металл өнімдеріне және өзге құбылмалы құрамдастар мен маусымдық және оқиғалық сипаттағы факторлар бағасының өзгеруін болдырмайтын бағалардың базалық индекстерін есептеу жүргізілді. Нәтижесінде баға статистикасының жаңа туынды көрсеткішін тәжірибеге енгізу және оны жариялау бағдарламасы дайындалды.

ӘЛЕУМЕТТІК СТАТИСТИКА

Үй шаруашылықтарын ішінара зерттеу шеңберінде «Барлық адамдарға арналған білім» және «Денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі» модульдері бойынша екі қосымша зерттеу жүргізілді. Зерттеулер жүргізу мақсатында модульдер құралдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, бұлар өз тарапынан мектепке дейін тәрбие мен оқытудың, халықтың түрлі топтарына арналған қосымша білім берудің қолжетімділігін зерттеуге, сондай-ақ денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі, ауру-сырқаулық деңгейі және зерттелетін үй шаруашылықтары мүшелерінің денсаулық сақтау жүйесіне субъективті қатынасы туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы модульдер бойынша зерттеулер республиканың 3 000 үй шаруашылықтарында жүргізілді, мұның өзінде сауалнамаға үй шаруашылықтарының барлық мүшелері енгізілді. Осындай зерттеулерді ұйымдастыру халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады және халықтың субъективтік сипаттамалары негізінде оған жекелеген әлеуметтік қызметтерді ұсынуды бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, мұның өзінде қосымша қаржылық және еңбек ресурстарын талап етпейді.

2008 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Дүниежүзілік Банк арасындағы келісім негізінде біріккен экономикалық зерттеулер шеңберінде «Кедейлікті бағалау» жобасымен жұмыс істеу басталды. Жобаны іске асырудың бірінші жылында кедейлікті өлшеу, мониторингі және бағалау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу, кедейлікті өлшеу және мониторингі әдіснамасын жетілдіру (базалық және қосымша құралдарды қайта қарау), кедейлік картасын құрастыру әдіснамасын және тәсілдерін анықтау жоспарлануда.

V. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ



2008 жылы анықтау, ақпараттарды қағаз тасымалдаушылардан верификациялау және оларды Статистика агенттігінің бірыңғай деректер қорына енгізу тиімділігін арттыруға арналған «Статистикалық есептілік нысандарын сканерлік өңдеу» (СЕНСӨ) ақпараттық жүйесі әзірленді.

